



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

мышления и поведения.

Список использованных источников:

1. Султанбеков Т. И., Беловолов В. А. Толерантность как социально-педагогическая категория: понятие. сущность. содержание // Гуманитарные науки и образование в Сибири. – 2014. – №. 2. – С. 113-119.
2. Осадная Г.И. Социальная сфера общества: теория и методология социологического анализа. М., 2003.
3. Круглова Н. В. Толерантность и идентичность: ситуация в современной России // Вестник СПбГУ. Серия 6. Политология. Международные отношения. 2008. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tolerantnost-i-identichnost-situatsiya-v-sovremennoy-rossii> (дата обращения: 04.04.2018). КиберЛенинка: <https://cyberleninka.ru/article/n/tolerantnost-i-identichnost-situatsiya-v-sovremennoy-rossii>

ӘОЖ 37.013.42

ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Темірбай Гүлнұр
Gul999.kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - Асылбекова М.П.

Эстетикалық тәрбие мен эстетикалық мәдениет теориясы бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары мен педагогикалық тәжірибелерді талдай келіп, оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл тұрғыда бірінші кезекте оқушылардың эстетикалық мәдениетін эстетикалық тәрбие беру арқылы қалыптастыру нәтежиелі болмақ. Өйткені, эстетикалық тәрбие өнермен айналысу, жалпы адамдардың қабілеттері мен мүдделеріне сәйкес келетін көлемдердегі шығармашылық әрекет.

Бүгінгі таңда мектептегі эстетикалық тәрбие беру жұмыстары оқу-тәрбие үрдістерімен өте тығыз байланыста жүзеге асуда. Оқушылардың оқу әрекетінде эстетикалық тәрбиеге қатысты теориялық білімдер беріліп, түрлі шығармашылық жұмыстар атқарылады. Ол мақсатты және жоспарлы түрде іске асады. Әрбір пәннің эстетикалық бағыты, оқу материалдарының мазмұны, сабақтар жүйесіндегі қолданылатын эстетикалық құралдар, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ізгі қарым-қатынастар бәрі оқушылардың эстетикалық мәдениетін, сезімі мен мұратын, талғамын, қабілетін шындауда жүйелі түрде қызмет етеді.

Сонымен қатар сабақ барысында көрнекі құралдар пайдалану, музыкалық шығармаларды орындау оқылып отырған оқу материалының эстетикалық тартымдылығын қамтамасыз етсе, соның негізінде оқушыларда қызығушылық сезімі жанданады.

Оқушылардың сана-сезімін, көзқарасы мен талғамын, құштарлығын арттыруда, тәрбиелік ықпалдық нәтижесін қамтамасыз етуде ұстаздар ұжымының эстетика саласында білімдері мен қабілеттерінің болуы, оқушылар өмірін «әсемдік заңы» бойынша құруда олардың өздерінің белсенді әрекеттерінің болуы да мұғалімдер қауымына үлкен жауапкершілікті жүктейді. Осыған орай мектеп мұғалімдерінде белгілі бір мөлшерде эстетикалық даярлықтың болуы, оқушыларды көркемдікке тәрбиелеу мәселелері мен эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың бірден-бір кепілі болмақ.

Эстетика өнердің өзін зерттеумен ғана шектелмейді, адамның материалдық және эстетикалық көзқарасын зерттейді. Эстетика көркем шығармашылық эстетикалық бағасын әлеуметтік, саяси бағасымен біріктіре алып қарайтын көркем сынмен тығыз байланысты.

Бұл мәселе бүгінгі таңда көркем өнердің адамдардың сезіміне, жан-дүниесіне әсер ету мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып отырған шетелдік мәдениет құралдарының алпауыт иелері оны табыс көзіне айналдырып, құнсыз материалдармен жастар және балаларды санасыздық, ойсыздық селкілдеп бекер уақыт өткізу секілді жат істерге жетелеуде.

Осы келе жатқан мәселе жайлы Отанымызда «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында өткеннен қалған мәдениет, әдебиет, өнер туындыларын тарихи құндылықтар ретінде жинақтап, сақтау және жас ұрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалану көзделсе[1], «Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында» жастардың рухани-эстетикалық тәрбиесіне көңіл бөлу мәселелеріне басымдылық берілген[2].

Жалпы білім беретін мектептерде оқытатын барлық пәндер бойынша берілетін білім мазмұны мен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының мазмұнында орын алатын эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Осы негізде біздің зерттеуіміз әлеуметтік педагогикалық іс-әрекет арқылы оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға арналған.

Зерттеу жұмысының тақырыбындағы «мәдениет» деген терминге келсек, ол қазақ тіліне арабтың «маданият», яғни «қала, қалалық» деген сөзінен енген. Бұл орта ғасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты. Мәдениет ұғымы тарихи қалыптасудың ұзақ даму жолынан өтті. Мысалы, Еуропа халықтары мәдениетті өркениетпен қатар қойып, байланыстырады. Тіпті кейбір шетелдік зерттеушілер «Мәдениет пен өркениет бір, олар синонимдер», «Өркениет – мәдениеттің прогресі, болашақ бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі» деп түсіндіреді.

Көркем мәдениеті, рухани мәдениетке жатқызу дәстүрі өнердің барлық көріністерін қамтымайды деп есептей отырып, М. С. Каган мәдениетті үш салаға бөледі: материалдық, рухани және көркем[3]. Осы ғалымның бұл ойымен қазақстандық ғалым М. Х. Балтабаевта келіседі.

Негізінен, адамның дамуына сырттай әсер ететін қозғаушы факторлар – білім беру, оқыту, тәрбиелеу, яғни педагогиканың негізгі категориялары болса, ал адам өмірінің құндылығы оның руханилығы, өзінің кім екенін саналы түрде меңгеруге ықпал ететін қозғаушы факторлар – жан мен рух екенін көптеген ғалымдар мойындауда. Б.С. Гершунский «...адамгершілік, рухани құндылықтың сапалық деңгейінің төмендеуі, өркениет пен дүниетанымның тұйыққа тірелуі, ХХІ ғасыр қарсаңындағы және үшінші мыңжылдықтағы жүйелі тоқырау, қоғамдық өмірдің үш моделін: білім, дін, ғылымды қамтитындығын көрсетеді. Келешекте білім беру арқылы білім мен сенімнің арасындағы алшақтықты жоюға және білім арқылы материалдық және рухани әлемді тануға болады» деген көзқарас тудырады[4].

Қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке төмендегідей анықтамалар берілген:

1 Мәдениет – белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы.

2 Мәдениет – адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, сақ мәдениеті, скиф дәуірі мәдениеті, қазақ мәдениеті).

3 Мәдениет – адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, құқық мәдениеті т.б.).

4 Мәдениет – адамзаттың тарихи дамуының нәтижесі және адамгершілік қоғамдық қарым-қатынастарының қол жеткен табысы.

Анықтамалар жүйесіне назар аударсақ мәдениеттің мәні негізінен адам іс-әрекеті арқылы ашылатынын байқадық. Яғни, мәдениет ұғымының аясы кең әрі күрделі. Біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбына «Мәдениет – адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, құқық мәдениеті т.б.)» ретінде қабылданатын мәдениеттің анықтамасы жақын болып келеді. Олай дейтініміз, оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, өміріне қажетті сапаларды тәрбиелеу, білім, білік, дағдыларды жоғары деңгейде меңгерту мақсаты алға қойылады. Демек, зерттеу жұмысымызда *мәдениет – тұлға мүмкіндіктерінің ең жоғарғы деңгейі* ретінде қарастырылу мүмкіндігі туады.

Тұлға мәдениетінің негізгі және қажетті құрамды буыны – оның *эстетикалық мәдениетінің* болуы.

Эстетикалық мәдениет – рухани мәдениеттің маңызды бір саласы ретінде табиғат пен адам баласының шығармашылық еңбегімен жасалатын эстетикалық құндылықтардың жиынтығы, оларды жасау және қолдану тәсілдері. Эстетикалық құндылықтар қоғамның өмірмен қарым-қатынасқа түсуіне, қоғамның жетілу талпынысына, қоғамдық қатынастардың барлық жүйесінің толыққанды өркендеуіне қатысады.

«Эстетика» және «мәдениет» терминдерінің мән-мағынасын жан-жақты ашып көрсете отырып, зерттеу жұмысының тақырыбына байланысты «эстетикалық мәдениетті қалыптастыру» ұғымына біз «Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекет арқылы оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда, жеке адамның немесе тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру – оның бойына халықтың объективті эстетикалық құндылықтарын сіңіре отырып, білімі мен біліктілігін, қабілеттерін жоғары деңгейге жеткізу үрдісі ретінде қарастыруды жөн көрдік.

Эстетикалық мәдениеттің құрамына: *эстетикалық қажеттілік; эстетикалық қызығушылық; эстетикалық талғам; эстетикалық әрекет; кәсіби біліктіліктер* кіреді. Қорыта келгенде, оқушының эстетикалық мәдениетін қалыптастыру үшін осы айтылған құрамдас компоненттердің әрқайсысының жеке тұлғаның бойында болуын міндетті түрде ескеру және оларды қалыптастыру қажет деп есептейміз. Демек, эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың мақсаты – тұлға бойында эстетикалық құндылықтарды сіңіруді қажетсінуін, оған деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын дамыту, білімі мен біліктілігін, қабілеттерін жоғары деңгейге жеткізу болып табылуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 24, 147-құжат; “Егемен Қазақстан” 2006 жылғы 26 желтоқсан N 320.
2. «Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасы [https:// /qazaqstan-respublikasy-uzdiksiz-bil/](https://qazaqstan-respublikasy-uzdiksiz-bil/)
3. Каган М. С. Мир общения: Проблема межсубъектных отношений. - М., 1989.
4. Гершунский, Б. С. Педагогическая прогностика: методология, теория, практика. – Киев. 1986. - 200 с.

УДК 37.017.925

ЖАСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ТІРЕГІ

Тлеубердинова Айгерим Есболовна

ms.tleuberdinova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Төлеубекова Р.К.

«Рухани жаңғыру – тарлан тарихтың,
жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың
көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын
ұлт жадының тұғырнамасы»

Н.Ә.Назарбаев

Қазіргі заман ғылым мен технологияның қарыштап дамып, өте жоғары деңгейге жеткен шағы десек болады. Соған сай сана өркениеті өрістеп биіктеп барады. Бір анығы, адамның санасы, дүниетанымы жоғарылаған сайын қоғам да өзгереді. Кез келген